

Сайлау құқығы

Сайлау – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі болып табылады.



Сайлау және сайлану құқығы Қазақстан Республикасы азаматының ең басты саяси құқығы (ҚР Конституциясы. 33-бап). Сайлауға қатысу әркімнің ерік білдіру бостандығы болып табылады. Сонымен қатар сайлауға қатысу кез келген азаматтың азаматтық борышы. Әрбір мемлекет сайлауға азаматтардың басым көпшілігінің қатысуына жағдай туғызады. Сайлауға қатысу — азаматтардың бейкам бақылаушы емес, өз елі үшін жаны ауыратындығының көрсеткіші. Бейкамдық пен қатыспаушылық жағымсыз құбылыстарға жол ашады. Сайлаушылардың сайлауға келмеуі абсентеизм деп аталады.



Орталық сайлау комиссиясы. Орталық сайлау комиссиясы Республика сайлау комиссияларының біртұтас жүйесіне басшылық етеді және тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Еліміздегі сайлауды әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік органдар, сайлау комиссиялары болып табылады. Олардың біртұтас жүйесін мыналар құрайды:

республикалық Орталық сайлау комиссиясы;
аумақтық сайлау комиссиялары;
округтік сайлау комиссиялары;
учаскелік сайлау комиссиялары.



Әрбір дауыстың маңыздылығы мен рөлі. Сайлауда әркімнің даусы ерекше маңызды. Кез келген адам өзінің бүгінгі күнгі нақты өмірі арқылы болашаққа ықпал етеді. Болашақ кез келген адамның бүгінгі жасаған таңдауы арқылы айқындалады. Адамдардың дауыстары жинақталады, ал басым көпшіліктің дауысын иеленген кандидат немесе саяси партия елдің болашақтағы дамуын айқындайды.



Қазақстан Республикасы сайлау құқығының қағидаттары: Қазақстан Республикасы сайлау құқығының қағидаттары дегеніміз сайлау құқығы нормалары мен институттары негізінде алынған жетекші ережелер мен талаптар. Бұл қағидаттарды сайлау процесінің барлық қатысушылары (сайлаушылар, сайлау комиссиясы, кандидаттар, т.б.) басшылыққа алуға тиіс. Бұл жетекші идеялар ҚР-ның Конституциясында бекітілген. Оларға: • жалпыға бірдей сайлау құқығы;

- тең сайлау құқығы;
- төте сайлау құқығы;
- жанама сайлау құқығы;
- жасырын дауыс беру құқығы;

Жалпығы бірдей сайлау құқығы – 18 жасқа толған барлық азаматтардың мемлекеттік органдарды қалыптастыруға тікелей қатысу құқығы, сонымен қатар бекітілген сайлау нормаларына сәйкес сайланбалы органдарға сайлану құқығы.

Тең сайлау құқығы - әр сайлаушы бір ғана дауысқа ие болады және барлық сайлаушылар сайлауға тең негізде қатыса алады.

Жанама сайлау құқығы—Парламент Сенатының депутаттарын сайлауға таңдаушылар мәслихат депутаты болып табылатын республика азаматы қатысады дегенді білдіреді.

Жасырын дауыс беру — сайлауда сайлаушылардың еркін білдіруіне қандай да бір бақылау жасау мүмкіндігіне жол берілмейді.